Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 38-40

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНДЕГІ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ӘСЕРІ

Тыныбекова М.Т., Кожабатчина, Г.М.

Агенттіктің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі негізгі міндеті - табиғи монополиялар субъектілері және олардың қызметтерін тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге негізделген тиімді тарифтік саясатты жүргізу болып табылады.

Бағдарлама мақсаты – экономиканы әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы оның тұрақты және теңгерімді өсімін қамтамасыз ету.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан 2014 жылға қарай төмендегідей **негізгі көрсеткіштерге** қол жеткізуі тиіс жоспарлар:

- 7 триллион теңгеден кем емес ІЖӨ өсімі, нақтылы түрде ІЖӨ өсімі 15%-ды құрау;
- ІЖӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін 12,5%-дан төмен емес деңгейге дейін арттыру;
- экспорттың жалпы мөлшерінде шикізаттық емес экспорт үлесін 40%-дан төмен емес деңгейге дейін арттыру;
- өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің жиынтық мөлшеріндегі шикізаттық емес экспорт үлесін 43 %-дан төмен емес деңгейге дейін арттыру;
- өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігін 1,5 еседен кем емес мөлшерде арттыру.

Агенттіктің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі негізгі міндеті - табиғи монополиялар субъектілері және олардың қызметтерін тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге негізделген тиімді тарифтік саясатты жүргізу болып табылады.

Агенттік реттейтін объектілер 1627 реттеліп көрсетілетін қызмет, оның ішінде су кәрізі жүйелері саласында - 850 қызмет, электр және жылу энергетикасы саласында - 456 қызмет, мұнай және газ тасымалдау саласында -

52 қызмет, көлік саласында - 269 қызмет көрсететін 1194 табиғи монополия субъектісінің қызметі болып табылады.

Бұдан басқа Агенттік 130-ден астам доминант субъектіге қатысты баға белгілеу функцияларын жүзеге асырады.

2012 жылы келесідей көрсеткіштерге қол жеткізді базалық табиғи монополиялар субъектілерінің нормативтік техникалық ысыраптарды бекітілгеннен төмендету пайызы электр желілерінде – 1,16%-ды, жылу желілерінде – 2,27%-ды және су шаруашылығы желілерінде- 2,5%-ды құрады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің болжамы бойынша электр энергиясына босату бағаларының өзгеруі 2012 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес жоспар 11,09 теңге/кВтсағ. болған кезде 9,97 теңге/кВтсағ (халық үшін) құрады.

Электр энергиясының орташа бағасы станция шиналарынан босатылатын электр энергиясының құнына, электр энергиясын өңірлік және өңіраралық деңгейдегі желілер арқылы беру мен тарату тарифіне, сондай-ақ жабдықтау үстемеге сүйене отырып қалыптасады.

Тұтынушыларды тарифтердің тұрақтылығымен және болжалдылығымен қамтамасыз ету, қызметтер сапасын активтерге инвестициялар салу есебінен арттыру үшін Агенттік инвестициялық (орта мерзімді және ұзақ мерзімді) тарифтерді бекітеді.

Бүгінгі күні электр энергиясына тәулік зоналары бойынша және тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер енгізілді.

Мемлекет басшысының энергияны сақтау бойынша тапсырмасын орындау шеңберінде Агенттік барлық өңірлерде электр энергиясының тарифтерін тұтыну шамасы бойынша саралаудың 3-деңгейін енгізді.

Сонымен қатар «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өңірлік электржелілік компаниялар (бұдан әрі - ӨЭК) үшін 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген салыстырмалы талдау әдісі (бенчмарикинг) қолданылып электр энергиясын беру мен тарату қызметтеріне тарифтер бекітілді.

Жылумен жабдықтау саласына қатысты энергияны сақтау жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында («Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары), сондай-ақ тұтынушыларды есептеу аспаптарын орнатуға ынталандыру үшін заңнамада есептеу аспаптарының болмауына немесе болмауына қарай жылумен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтерді енгізу көзделген.

Сөйтіп 2012-2013 жылдардағы жаңа жылыту кезеңінен бастап жылу энергиясын есептеу аспабы бар тұтынушы есептеу аспабы жоқ тұтынушыға қарағанда ақыны аз төлеуді көздейтін сараланған тарифтер қолданылады.

Осындай тәсіл заңнама талаптарын сақтап, жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатқан адал тұтынушыларды неғұрлым қолайлы ақы төлеу шарттарымен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ жылу энергиясына сараланған тарифтерді енгізу кезінде үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнату техникалық жағынан

мүмкін болмайтын жағдайлар ескерілетінін атап өту қажет. Тозығы жеткен авариялық жағдайдағы үй-жайлар, барак үлгісіндегі үйлер әкімдіктердің тізбесі бойынша саралаудан алып тасталады. Олардың иелері тұтынылған жылу үшін орташа босату тарифімен ақы төлейді.

Бүгінгі күні есептеу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай жылумен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтер Астана, Алматы қалаларында, Ақмола, Алматы және Павлодар облыстарында енгізілді.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін бюжет қаражатын пайдалану көзделмеген.

Қорытындылай келе, қазіргі кезде осы бағдарламаның міндеттері энергетика саласына қатысты толық мақсатына жеткен жоқ. Себебі, электр энергиясына босату бағалары біршама төмендеді дейді, ал біз бұнымен келісе алмаймыз, себебі Қарағанды қаласы бойынша 2012 жылғы желтоқсан айында 6,35 тг/кВт.сағ. болса, қазіргі таңда 7,13 тг/кВт.сағ. болды. Көріп тұрсаңыз тариф төмендеген жоқ, керісінше жоғарылады. Осындай өзгерістерден инфляция құны жоғарылауда. Бірақ осы бағдарламаның мерзімі 2014 жылға дейін болғандықтан, біз толығымен орындалуына көз жеткізе алатынымызға сенімдіміз.